

Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының сайлауын қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 20 тамыз N 1216

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Парламентінің кезекті сайлауын тағайындау туралы" 1999 жылғы 7 шілдедегі U990168_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі сайлауды Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы ұсынған кестеге сәйкес, республикалық бюджетте осы мақсаттарға көзделген қаражат шегінде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес уақытылы қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі сайлау учаскелерін іркіліссіз байланыспен қамтамасыз ету жөнінде қажетті жұмыстар жүргізсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі учаскелерді күзету, сондай-ақ сайлау күні дауыс беру орындарында қоғамдық тәртіпті қолдау жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі сайлау учаскелерінде өртке қарсы шаралар кешенін жүргізуді ұйымдастырсын.

5. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі заңдарға сәйкес депутаттыққа кандидаттардың мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында сөйлеу құқығын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Парламентіне сайлауды кеңінен көрсетуді қамтамасыз етсін.

6. Облыстар, Астана және Алматы қалаларының әкімдері сайлау

учаскелерін орналастыру үшін үй-жайлар бөлу, оларды материалдық-техникалық қамтамасыз ету, оларға көлік, ұйымдастыру техникасын және байланыс құралдарын бөлу мәселелерін жеке бақылауына алсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК